



**ШЕШІМ**

**06.06.2018 № 273/33-VI**

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

город Астана

**Астана қаласы әкімдігінің  
жанындағы Жеке кәсіпкерлік  
мәселелері жөніндегі  
сараптамалық кеңестің  
құрамы туралы**

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының келесі шешімдері жойылсын:

1). 2017 жылғы 20 шілдедегі №179/21-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы туралы»;

2). 2017 жылғы 8 қыркүйектегі №187/22-VI «Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы».

**Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

**Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**А. Ким**

**Ж. Нұрпейісов**

Астана қаласы мәслихатының  
2017 жылғы 6 маусымдағы  
№ 273/33-VI шешімімен  
бекітілді

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
сараптамалық кеңестің құрамы

- Бектұрова  
Мәлика Ерланқызы – Астана қаласы әкімінің орынбасары, төрайым
- Қауғабаева  
Рысгүл Боранбайқызы – «Астана қаласының Инвестициялар және  
кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік  
мекемесі басшысының орынбасары,  
төрайымның орынбасары
- Ескендіров  
Еркін Мұхтарұлы – «Астана қаласының Инвестициялар және  
кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік  
мекемесі кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің  
басшысы, хатшы
- Аюпов  
Аман Біләлұлы – Астана қаласы мәслихатының депутаты
- Мерва  
Надежда Михайловна – «Астана қаласының кәсіпкерлері құқығын  
қорғау жөніндегі қауымдастығы» заңды  
тұлғалар бірлестігінің директоры (келісім  
бойынша)
- Мұхамеджанова  
Әйгерім Ерікқызы – «Елордалық туризм қауымдастығы (Астана,  
Қазақстан)» қауымдастық нысанындағы заңды  
тұлғалар бірлестігінің төрайымы (келісім  
бойынша)
- Сағиев  
Эрик Бекболатұлы – «Астана қаласының Кәсіпкерлер қауымдастығы  
«Сарыарқа» заңды тұлғалар бірлестігінің  
басқарма төрағасы (келісім бойынша)
- Таласбаев  
Айдар Нысанбекұлы – Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының  
кәсіпкерлердің құқығын қорғау және әкімшілік  
кедергілерді азайту бөлімінің бірінші санаттағы  
сарапшы (келісім бойынша)
-